


Тас көмір



Таскөмір

Қасиеті:
қара түсті, қатты
жақсы жанады
жылтыр,
қолға жұғады,
морт
сынғыш

Өндірілуі:
шахтаның оқпаны
қазылады, жан-жаққа
дәліздер-
штректер тарайды
таза ауа жіберіледі
электр жарығы
жүргізіледі, көмір
комбайндарымен
вагондарға тиеп,
теміржолды лифті
мен жер бетіне
шығарылады.
Карьерден ашық
әдіспен өндіреді.

Қолданылуы
:
үй жылытуға
жылу электр
стансасында
отын ретінде
пайдаланады

**Алынатын
заттар:**
бояу, дәрі
шайыр
нафталин
пластмасса
капрон

Кен орындары:
Қарағанды
Екібастұз

Қарағанды, Екібастұз тас көмір кен алқабы





Аптақ Байжанов - көмір кенін тұңғыш тапқан адам



Көмір дегеніміз не?

Көмір 350 миллион жыл бұрын пайда болды. Ұзақ уақыт бойына өсімдіктің заттары тығыз сығылғаны соншалықты, жұмсақ қара – қоңыр жынысқа айналды. Көмірді басқа жыныстардың арасынан қабатталып жатқан жерінен табады. Оны терең шахталар мен туннелдерді бұрғылау арқылы немесе ашық әдіспен өндіру деп алатын, жер бетіне жақын жатқан көмір қабаттарын ашу арқылы өндіреді.

Көмір өсімдік қалдықтарынан түзілген жанғыш қатты шөгінді кен жынысы. Көмір құрамында әр түрлі мөлшерде минералдық қоспалар (50%-дан аспайды) бар, ол басқа шөгінді кен жыныстарының арасында қабаттар түрінде кездеседі



Тас көмір

**Қара түсті,
жылтыр**

**Морт
сынғыш**

**Қолға
жұғады**

**Қарағандыда
Таскөмір
кенін
тапқан
Апақ
Жапақов**

Көмірдің түрлері

Көмірдің генетик жіктелімі көмір түзілудің алғашқы сатысындағы органик заттар түрленуінің бастапқы процестерін ескері отырып жасалады. Жіктелімде көмір үш генетик топқа бөлінеді:

- гумалиттер,
- сапропелиттер,
- сапрогумалиттер.

Олардың біріншісі-тек жоғары сатыдағы өсімдік қалдықтарынан, екіншісі-негізінен , төменгі сатыдағы өсімдік қалдықтарынан , ол сапрогумолиттер аралас өсімдік қалдықтарынан тұрады. Химиялық құрамының , физикалық және технологиялық қасиеттерінің өзгешеліктеріне қарай Көмір мұндай негізгі табиғи түрлерге ажыратылады: қоңыр көмір, тас көмір, антрацит.

Көмірдің қасиеттері

Көмірдің қасиеттері оның петрогр кұрамына, көмірлену дәрежесіне және миниралдық микроқұрауыштардың мөлшеріне байланысты болады. Көмірдің тығыздануы 0,92-1,7г/см³ аралығында , бұл көрсеткіштің мәні күлділік азайған сайын төмендейді: қатты. Моос шкаласы бойынша 1-3 аралығында. Органик массасының элементтік кұрамы көміртектің басымдығымен (қоңыр көмірде 65%,антрацитте 98%), оттек (тиісінше 30-дан 1%-ға дейін) мөлшерімен сипатталады. Көмірдің басты технологиялық көрсеткіштері – ұшпа заттардың шығымы , біріккіштігі , күлділігі. Көмір – бағалы металлургиялық және химиялық өнеркәсіп шикізаты,отын ретінде пайдаланылады.Көмір бітімі қабатты,түйіршікті, кұрылымы біртекті және жолақты: түсі қоңырдан сұр қараға дейін, күңгірттен металл түске дейін жылтырайды. Көмір әлемнің барлық жерінде кең таралған пайдалы қазба.Қазақстанда көмір алабында,Екібастұз көмір алабыда орналасқан.

Тас көмірдің түрлері

Антрацит

шымқай қара түсті
қолға жұқпайды
жылуды көп береді
металл қорытуға
жұмсалады

Кәдімгі таскөмір

қара түсті,
көп жалтырамайды
қызуы да кемірек

Қоңыр көмір

мүлде жалтырамайды
солғын қоңыр түсті
жылуды да аз береді
оңай үгіледі

Тас көмірден не жасалады.

Тас көмірде түрлі қымбат зат бар. Өте қызулы пеште күйдірсе, тас көмірден жарық газ пайда болады. Онымен фонарь жағады. Көмірдің өзі кокс деген затқа айналады. Кокс – барып тұрған жақсы отын. Мұнан басқа тас көмірден карболка қышқылтымы, нафталин, түрлі бояу, сия, түрлі дәрі-дәрмек жасалады. Қанттай тәтті сахарин сықылды заттың тас көмірмен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын сықылды. Шынында сахарин да осы тас көмірден жасалады. Және тас көмірден түрлі иісті май, жұпар жасалады. Оқ дәрі үшін керекті және бір қышқылтым да тас көмірден шығады.